



Айдос ЖАҚЫПБЕК,  
«Талдықорған қаласының  
тұрғын үй қатынастары бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы:

**«ТҰРҒЫН ҮЙ  
КЕЗЕГІНДЕ  
ТҰРҒАНДАРДЫҢ  
ҚҰҚЫҒЫ ТЕҢ»**

5-бет



**САЛЫҚ  
ДАУЛАРЫНДА  
МЕДИАЦИЯНЫ  
ҚОЛДАНУ  
ТИМДІ**

6-бет



**«ҚОРҚАҚТЫҢ»  
АЖАЛЫ**

8-бет

# ЗАҢ

✉ zangazet@mail.ru

№96 (3627) 22 желтоқсан 2023

# газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Досмұхамет НҰР-АХМЕТ,  
қоғам қайраткері:

## «ИДЕОЛОГИЯ ЖОҚ ЖЕРДЕ САЯСИ ЫҚПАЛ ДА ЖОҚ»

– Азаматтық қоғамның белсенділігін саяси партиялардың жұмысымен өлшеуге бола ма?  
– Болмайды. Себебі, бүкіл дене-бітіміңіздің белсенділігін он екі мүшеңіздің бір-ақ бөлігімен, мысалы, саусағыңыздың белсенділігімен ғана қалай өлшейсіз? Сондықтан, азаматтық қоғамның белсенділігі – жай «Тұрғыннан» «Азамат» дәрежесіне дейін көтеріле алған және сол арқылы «Азаматтық қоғамды» құрып жатқан барлық жандардың саны мен санасы арқылы өлшенеді.

– Қазақстанда 2022 жылға дейін 7 жыл бойы бірде-бір саяси партия тіркелген жоқ. Парламент сайлауы қарсаңында бір емес, екі бірдей жаңа партияның өмірге келуін Президент қызметімен байланыстыру қаншалықты әділетті?

– Егер әділеттілік тұрғысынан қарар болсақ, саяси партиялардың «саяси өмірге келуі», әлде «комада жатуы» немесе «саяси өмірден өтуі», тіпті Президент өзінің халыққа жасайтын қызметінің дәрежесі де – жоғарыда айтылған Азаматтық қоғамның бар-жоғына, болған кезде, қандай дәрежеде екеніне тікелей байланысты. «Жыламаған балаға емшек бермейді» – дейді ғой халқымыз... Ұмытпасам, сол «Парламент сайлауының» өзі де болмай тұрып, бір жылаған дауыс естілген сияқты болып еді...

– Дамыған елдерде атқарушы және заң шығарушы билік органдарының кейбір шешімдері мен қабылдаған заңнамалық құжаттарына азаматтық қоғам өкілдері өз қарсылығын білдіріп, түрлі шерулер ұйымдастырып жатады. Біздегі ахуалға қандай баға бересіз?

– Егер адам ағзасының бір жерінде күрделі мәселе шықса, сол жер ауырып, миға хабар береді емес пе? Қоғам да адам ағзасы сияқты, тірі организм болғандықтан, азаматтық қоғам өкілдері, бұл шерулер арқылы өздерінің иығы мен мойнындағы «ең жоғарғы» органдарына «қоғамға ауру (қатер) келді» деген хабар жолдайды.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ САЛА



Әділет министрлігіне жүктелген бағыттың бірі зияткерлік меншік құқығын сақтау және қорғаумен байланысты. Зияткерлік меншік мемлекеттің экономикалық дамуына серпін беретін маңызды сала. Содан болар Мемлекет басшысы «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауында жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселесіне ерекше назар аударды. Ал креативті экономиканы ілгерілету, зияткерлік меншікті құқықтық тәсілдермен қорғау арнайы заңсыз жүзеге аспайды.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 4-бетте)

ПӘРМЕН

## ДЕКЛАРАЦИЯНЫ УАҚЫТЫНДА ТАПСЫРМАҒАНДАР АЙЫПШҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Салықты сауатты жинау қай елде де маңызды. Тәуекелі жоғары бастамаларды бастап жатқан біздер үшін осы істе тиянақтылық керек. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын тұста көлеңкеде шекесі шылқып, май шелпекке бөгіп жатқан тұлғаларды ел өміріне қосу бүгінгі міндет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, көлеңкелі экономиканың көлемін азайту бағытында халықтың кірісі мен мүлкіне қатысты жалпыға бірдей декларация жариялау өз жемісін беріп жатыр. Жалпыға бірдей декларациялауға көшу көлеңкелі экономика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі құралы.

Естеріңізде болса, Салық кодексінің 45-1-бабының негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялаудың 4 кезеңі енгізілді. Биыл, міне, жоспар бойынша 3-кезеңге аяқ баспақпыз. III кезең – 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Алдағы жылдан бастап заңды тұлғалардың басшылары, құрылтай-

шылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары декларация тапсыруды бастайды. Бұл ретте Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілі қазақстандықтарға декларацияға қалай дайындалу керектігі жайлы айтып өтті.

«Декларацияға есепті толтырмас бұрын 31 желтоқсанға дейін тиісті құжаттарды дайындау керек. Сіздің мүлкіңіздің тіркеу деректерін тексеріп, 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оны бағалау қажет. Сондай-ақ несиелік шарттарды куәландыру маңызды. Нотариустармен кеңесе отырып 34,5 млн теңгеден (10 мың АЕК) асатын қаражатты

банк шоттарына орналастыру керек», – деді Нұржан Қуандықов.

Азаматтар Қазақстандағы активтер мен міндеттемелердің бар-жоғын арнайы веб-сайттардан тексере алады. Декларацияны e-Salyq Azamat мобильді қосымшасы, «Салық төлеуші шоты», «Электрондық үкімет», екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады. Құжат тапсырудың соңғы мерзімі – 2024 жылдың 15 қыркүйегі. Сол уақытқа дейін қағаз және электронды түрде декларацияны тұрғылықты жеріңіз бойынша тапсырасыз.

Декларацияны уақытында тапсырмаған жағдайда айыппұл салынатынын ескеру керек. Егер жеке тұлға декларация ұсынбаған болса, бірінші рет ескерту беріледі. Егер бұл заң бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, 15 АЕК (51,7 мың теңге) көлемінде айыппұл салынады. Декларацияда толық емес немесе жалған

мәліметтерді жыл ішінде алғаш рет ұсынғаны үшін тек ескерту жасалады, ал қайталап бұзғаны үшін 3 АЕК (10,3 мың теңге) көлемінде айыппұл салынады. Алғаш рет салық салу объектілерін жасырғаны үшін – төленбеген салық сомасының 200% мөлшерінде айыппұл салынады. Егер бір жыл ішінде дәл осындай бұзушылық қайталанса, бұл көрсеткіш 300%-ға дейін артады. Бұл кірістер комитеті өкілінің мәлімдемесі. Сонымен қатар, Қуандықов декларацияны мүлкті жария ету ретінде қарастыруға болмайтынын атап өтті. «Кіріс декларациясын тапсырғандардың барлығы 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстандағы, шетелдегі бар мүлкін толық көрсетеді. Егер актив құнды болса, онда бағалау жүргізіп, барлық құжаттарды ретке келтіру керек.

(Соңы 3-бетте)



САРАП

МІНБЕР

ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚАРЖЫ ІСТЕРІН ҚАРАУ КӘСІБИЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Сот жүйесінің басты мақсаты – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғап, мемлекеттің дамуын қамтамасыз ету...

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың құрылуы жеке кәсіпкерлер дауын жалпы сотта емес, мамандандырылған сотта қарау мүмкіндігін тудырды.

қолдан жасауға, мемлекеттік сатып алуларға заңсыз қатысуға, тұтынушылардың заңды мүддесіне қысым көрсетуге бағытталған басқа да әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Экономикалық даулар күрделі әрі жауапкершілігі жоғары болғандықтан, қиын даулар қатарына жатады. Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында істерді барынша бітімгерлік келісіммен қарауға басымдық береміз.

ін реттеу тәртібі енгізіліп, тараптардың дауды сотқа жеткізбей-ақ өздері реттеуіне жол ашылды.

Азаматтар мен билік органдары арасындағы дауды шешудегі теңсіздік ахуалын реттеу мақсатында 2021 жылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданды.

Сот жүйесінде абыройлы қызмет атқару әрбір судьяға сын. Соның ішінде экономикалық-қаржы дауларын қарау жоғары кәсібилікті, заңдар базасын толық меңгеру, үлкен тәжірибені талап етеді.

Айдарбек ТЛЕНОВ, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ДАНА БИЛЕР ЖАЛҒАСЫ

Ел соттары азаттықтың ақ таңымен бірге жаңарып, жаңғырды. Ең алдымен әділетті сот төрелігін қамтамасыз ету міндеті алға қойылып, судьялардың тәуелсіздігі мен биік әлеуметтік мәртебесі айқындалды.

Қай саланың болсын қарқынды дамуында кадрлар рөлі ерекше. Мәселен, сырт көзге судья болу оңай көрінгенімен, шын мәнінде олай емес. Халық түсінігінде судьяға қателесуге хақы жоқ.

Соңғы жылдары судьяларды іріктеу процесі өзгеріп, олардың қызметін бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Болашақ судьялар тізімі БАҚ-тар арқылы жарияланып, халық пікірі қаперге алынатын болды.

Судьяның өзі ғана емес, отбасы мүшелері мен мүлкі де мемлекеттің қорғауына алынған. Сондай-ақ, оның өзіне және мүлкіне, кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі.

өзінде басқа үй бермей тұрып, қызметтік пәтерден шығарылмайды. Бұдан да өзге артықшылықтары жетерлік.

Мұны айтып отырған себебіміз, «Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ» десек, заңгерліктің ең жоғары шыңы – судьялық. Елімізде осынау мәртебелі қызмет тізгінін ұстап, сот төрелігінің әділ атқарылуын қамтамасыз еткісі келетіндердің мүмкіндігі жоғары.

Судьялық қаншалықты мәртебелі лауазым болса, оның жауапкершілігі де соншалықты жоғары. Өйткені, әрбір шығарған үкімі мен шешімінің артында адам тағдыры бар. Соттың абыройы – мемлекеттің абыройы десек, абыройлы міндетке сай болу судьяның тұтас өміріне барлық уақытта қатаң талап, шексіз жауапкершілік жүктейді.

Судьяға қойылатын талаптар жоғарыда аталған заңның 28-бабында белгіленген. Мысалы, осы бапта судьяның сот төрелігін атқаруда, сондай-ақ, қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдеби талаптарын қатаң сақтап, беделі мен қадір-қасиетін түсіретін әрекеттерден аулақ болу керектігі көрсетілсе, Судья әдеби кодексіне бұл талап «судьяның беделіне зиян келтіруі мүмкін мәмілелер жасаудан аулақ болып, жеке таныстар мен байланыстарда ұқыпты болу керек» деп толықтырылған.

Сот төрелігін атқару қай заманда да кәсіби біліктілігі жоғары мамандар еншісінде болмақ. Заңмен белгіленген талаптардың барлығы судьялар жұмысының сапаны емес, сапасын арттырып, сот жүйесін нығайта түсері анық.

Талғат ОРЫНҒАЛИ, Наурызбай аудандық сотының төрағасы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КӨЗҚАРАС

ШЕШІМ ТЕК ЗАҢҒА НЕГІЗДЕЛУІ ТИІС

Құқықтық демократиялық қоғамда барлық даулы мәселелер сот арқылы шешімін табады. Осыған орай, азаматтар құқығын қорғауда сот төрелігі атқарар міндет пен жауапкершілік күн санап өсіп келе жатыр.

Әдеп кодексі судьялардан антқа адал болуды талап етеді. Сондай-ақ, судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға бағынуға және кез келген сырттан ықпал етуге жол бермеуге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұруға тиісті ескертілген.

жүзеге асыру барысында ұдайы шиеленістер мен қайшылықтар алаңында тұрады. Бұл олардан мейлінше ұстамды, сабырлы, салиқалы, іскер де тапқыр, тез шешім қабылдай алатын, жоғары парасат иесі болуды талап етеді.

Қазының заңды күшіне енбеген сот шешімдерінің заңдылығына қатысты жария мәмілелер жасауға да тыйым салынған. Өйткені мұндай жағдай сот жүйесінің абыройын түсіруі, сот төрелігінің мүддесіне залал келтіруі мүмкін.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Жоғары Сот Кеңесіне сот корпусына мықты кадрларды іріктеу, судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдау міндетін жүктеп отыр. Демек, алдағы уақытта да судьялардың жауапкершілігі күшейтіле бермек. Жалпы, құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолында судьялардың кісілік келбеті, моральдық бейнесі, тазалығы басты назарда болмақ.

Кулмира АЛМАСЕКОВА, Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының судьясы

БАҒДАР

БІЛІМГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ



Жақында қоғамдық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Президент Қ.Тоқаевтың жолдауы жан-жақты талқыланды.

калық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту, заң және тәртіп бөлімдеріндегі жаңашылдықтар мен басты межелерге арнайы тоқталды.

картасы, қарызысыз қоғам сынды келелі мәселелерді шешу жолдары да сөз болды. Болашақ білімге жасалған қамқорлықпен өлшенетіндіктен, әр жолдауда білім саласын жандандыруға көңілдің бөлінуі құптарлық.

Шарада тарих пәнінің мұғалімдері Жұлдыз Турусбекова, Гүлнұр Нұкаева, Малика Болысбекова мен Мира Бесирова мұғалімдерді бірнеше топқа бөліп, жолдаудағы негізгі басымдықтарды тілге тиек етті.

Талқылау барысында сөз алған №172 мектеп-гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Анар Сәкенқызы жолдаудың болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын айтып өтті.

Мақпал МӘЛІКҚЫЗЫ, №172 мектеп-гимназия мұғалімі

КЕЗДЕСУ

Алматы қаласы Наурызбай ауданындағы №157 мектепте «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты шара өтіп, оған Бауыржан Момышұлының келіні, жазушы, қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова арнайы шақырылды.



Зейнеп апамызбен рухани кездесуді ұйымдастыруға мұрындық болып, атсалысу менің еншіме тиді.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Кездесуде ұстаздарға бағдардың ғұмырнамасынан тәрбиелік маңызы зор естеліктер айтылды. Бүгінгі тәрбиенің жемісі – ертеңгі ұлттың келбеті.

лер жайы айтылды. Олардың бір-екі тұсын айта кеткен жөн болар. Мысалы, қыз-келіншектердің «шалбар кию» мәселесіне Зейнеп апай егжей-тегжейлі тоқталды. Үнемі шалбар киіп үйренген әйел затының жүріс-тұрысы өзгереді.

шектері ешқашан қара орамал тартқан емес. Күйеуі қайтыс болғанда ғана әйел қара орамал тартып, шаштарын бос жіберу арқылы қайғы жұтып отырғанын көрсеткен.

Кеш өте мағыналы, өнегеге толы болды. Кеш соңында Зейнеп Ахметова мектеп ұжымына аналық ақ батасын беріп, ұрпақ тәрбиелеу жолындағы игі, қажырлы жұмыстарына табыс тіледі.

Бауыржан ЖАНДАРБЕК, заң ғылымдарының докторы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ САЛА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған орай Әділет министрлігі заң жобасын дайындап, онда авторлардың және өзге де құқық иеленушілер құқығын нақтылау; көру қабілеті бұзылған адамдардың жарияланған туындыларға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында авторлар құқығына шектеуді толықтыру (тарату, жалпыға бірдей назарға жеткізу, көпшілік алдында орындау); қызмет алушылар өтінімі бойынша тауар белгісін жедел тіркеуді енгізу; патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызмет саласын саралау және тиісті салалар бойынша патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттаудан өткізу; тауар таңбасын заңсыз пайдаланғаны үшін ауырлататын мән-жайларға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық құрамын ажырату жөніндегі жауапкершілік шаралары қамтылған.

Жалпы, бұл салаға мемлекет деңгейінде мән берілуде. Бұған ел Президентінің биыл зияткерлік меншік саласына қатысты екі заңға қол қойғаны дәлел. Оның бірі «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заң. Бұл келісімнің мақсаты – авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету, мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейту. Ал екіншісі «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілері мен географиялық нұсқаулар-



ды пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» заң.

Келісімде тараптарға жалған тауар белгілері мен географиялық нұсқаулары жазылған тауарларды өндіру және өткізу фактілерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ мұндай тауарларды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайлар көзделген. Қазіргі уақытта Парламент Сенатында «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңның жобасы қаралуда.

Бүгінде елімізде патенттерді, тауар таңбаларын және өнеркәсіптік үлгілерді тіркеудің ұлттық жүйесін

жақсарту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Сондай-ақ, қызметті цифрландыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және авторлар мен пайдаланушыларды оқыту бойынша да іргелі істер қолға алынууда.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының қолдауымен Қазақстанда технологиялар мен инновацияларды қолдау орталықтары (ТИҚО) ашылғанынан жұртшылық хабардар. Қазіргі уақытта 23 орталық жұмыс істейді. Мұндай орталықтар саны арта береді. Сондай-ақ, Алматыда ДЗМУ-ның екінші жазғы мектебі өтті. Бұл іс-шара студенттерге және басқа да мүдделі тараптарға зияткерлік меншік құқықтары бойынша білімін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жыл сайын «Антиконтрафакт» акциясын өткізу республикада әдемі дәстүрге айналған. Акция шеңберінде республикалық сурет, қысқа бейнеролик пен ұрандар конкурсы, семинар, кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Зияткерлік мен-

шіктің маңызын түсіндіруде мұндай шаралардың пайдасы орасан.

Елімізде 2022 жылғы 20 маусымнан бастап зияткерлік меншіктің жаңа объектісі ретінде «географиялық нұсқама» енгізілгені белгілі. Бұл өнімнің өндірілген жеріне байланысты тауар сапасын ажыратуға бағытталған. Жалпы, 2023 жылдың көрсеткіші бойынша зияткерлік меншік объектілеріне берілген қорғау құжаттарының саны шамамен 12 000 құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11%-ға артық (10 663). Авторлық құқық объектілеріне құқықтар туралы мәліметтерді енгізу бойынша көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 17,6%-ға артық. Өнеркәсіптік меншік объектілері ретінде мобильді роботтарды басқару, велоостроение, энергетика, нанотехнология және медицина саласындағы жаңа өнертабыстарды атап өтуге болады. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде үй-жайға жарық және дыбыс ағындарын реттеу және шаң жинау үшін терезеге орнатылған күн панелдері бар құрылғы жасалды.

Биыл 1311 шарт (лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар, басқаға беру, франчайзинг, Кепіл шарттары, қосымша келісімдер) тіркелді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 23%-ға артық (921). Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтың мемлекеттік тізіліміне 9389 мәлімет енгізілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 17,6%-ға артық (79870).

Министрлік жанындағы апелляциялық кеңес 11 отырыс өткізіп, 83 шешім қабылданды, оның ішінде қанағаттандырылғаны – 29 (2022 ж. – 17), бас тартылғаны – 49 (2022 ж.

– 33), ішінара қанағаттандырылды – 4 (2022 ж. – 15), қараудан бас тартылды – 1 (2022 ж. – 0). 83 шешім бойынша сотқа шағым түсіргені – 18 (2022 ж. – 9). Бірінші сатыдағы соттың қарау нәтижелері бойынша 9 шешім күшінде қалды.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссияның биыл 3 отырысы өткізілді. Соның нәтижесінде «КРУЖКА СВЕЖЕГО», «ФРАНЦУЗСКИЙ ДОМ, fig» тауар белгілері Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылды. Ал «Карагандинское» тауар белгісі бойынша өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды. Аумақтық әділет органдары құқық иеленушілердің өтініші негізінде Қазақстанда қорғалатын тауар белгілерін пайдалану мәніне жоспардан тыс 161 (2022 ж. – 2 тексеру) тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша 143 құқық-бұзушылық анықталды (2022 ж. – 2 құқық бұзушылық). Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 158-бабы бойынша 145 іс қозғалып, 128 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды (соттардың қарауында 17 іс қаралуда). Сотпен тоқтатылған істер жоқ. Мемлекет кірісіне айыппұл түрінде 10 млн теңге өндірілді. Заңсыз айналымнан жалпы сомасы 60 млн теңгеден астам (60 356 523 теңге) соманың 35 мыңнан астам контрафактілік өнімі алынды.

Тексеру шеңберінде «Chanel», «Apple», «ZEPTEP», «Levi's», «Louis Vuitton», «LEGO», «PUMA», «TOYOTA», «LEXUS», «Наурыз», «Ассам», «Prachka» сияқты және т.б. белгілі тауар таңбалары иелерінің құқығы қорғалды. Тек Apple компаниясының өтініші бойынша 49 тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша 45 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 12 мың контрафактілік өнім (құлаққаптар, смарт-сағаттар, зарядтағыштар, сымдар, ұялы телефондарға керек-жарақтар) тәркіленді. Осы аралықта құны 5 млн теңгеден астам (5 675 480 теңге) 520 бірлік контрафактілік (1736 литр) өнім тәркіленді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

## ДЕКЛАРАЦИЯНЫ УАҚЫТЫНДА ТАПСЫРМАҒАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Болашақта салықтық бақылау кезінде барлық көрсетілген мүлік есепке алынады. Ал егер сұрақтар туындаса, мысалы, шығыстар табыстан асып кетсе және бұрын салық төлеуші өзінің құнды мүлкі бар екенін және оны сатқанын көрсеткен болса, онда ол әрқашан қосымша ақшаны қайдан алғанын түсіндіре алады. Сондықтан декларацияны заңдас-тыру деп қабылдамау керек. Алдағы уақытта қандай да бір нормадан тыс шығынды тиісті органдар тексереді», – деп түсіндірді ол.

Жалпыға бірдей табыс декларациясын енгізудің үшінші кезеңіне шамамен 3,9 миллион адам қатысады деп күтілуде. Алайда, филиалдар мен өкілдіктердің басшылары заңды тұлға болып табылмайтындықтан, олардан декларация талап етілмейді.

Құжаттарда жеке тұлғаның барлық шетелдік активтері, жылжымалы және жылжымайтын мүлкі көрсетілуі керек. Тізімге: бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткойндер және т.б.), үлестік қатысу шарты (тұрғын үйдегі үлес), инвестициялық алтын (алтын құйма), зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері, 34,5 миллион теңгеге дейінгі қолма-қол ақша (10 мың АЕК) кіреді.

Сонымен қатар, құны 3,4 миллион теңгеден асатын кез келген мүлікті (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды малдар және т.б.), шетелдік компаниядағы үлесін, шетелдегі жылжымайтын мүлік пен көлікті, шетелдік банктегі 7,3 мың доллардан астам ақшаны жария ету қажет. Еске салайық декларацияның төртінші кезеңі жалпы халықты қамтитын болады. Осылайша 2025-тен бастап барлық қазақстандық өз мүлкі мен кірісі туралы есеп бере бастайды. Бұл жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және т.б. 2025 жылы 13 миллионнан астам жеке тұлғаны қамту жоспарлануда.

**Нұрбол ЖЫЛЫС,**  
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ



## ҚазҰУ-да ҮШ ЖАТАҚХАНА БОЙ КӨТЕРМЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әрқайсысы 1 060 орындық, жалпы 3 мың 180 орынға арналған заманауи үш жатақхана құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті. Жатақханалар 2024 жылдың күзінде аяқталады деп жоспарлануда.

9 қабатты үш жатақхана-ның жалпы ауданы 49 703,94 шаршы метрді, ал ғимаратты салуға бөлінген аумақ 1,24 гектарды құрап отыр. Сызба бойынша студенттер үйінің әр қабатында заманауи оқу залдары, демалыс орындары, асхана, кофехана, спортзал, тұрмыстық бөлмелер қарастырылған. Жатақхананың студенттер жататын әр бөлмесі 4 адамға арналып, ауданы 70 шаршы метрді құрамақ. Оның ішінде үш жатақханада инклюзивті білім беру талаптарын орындау мақсатында мүмкіндігі шектеулі білім

алушы жастарға арнайы 132 төсек-орын қарастырылған.

Еске сала кетейік, 2022 жылы 1 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев университеттің тыныс-тіршілігімен танысып, ҚазҰУ қалашығы құрылысы ІІ кезеңінің Бас жоспарына үлкен қолдау білдірген болатын. Ал биыл 7 қараша күні Мемлекет басшысы білім ордасының Басқарма төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдап, университет қалашығын жаңғырту бойынша бірқатар тапсырма берді. Жаңадан бой көтеретін

жатақханалар Президент тапсырмасымен, ҚР Үкіметінің қолдауымен жүзеге асып отыр. Сәуір айында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров және ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен ІІ кезеңнің басталуына байланысты естелік капсула салынған.

Ректор ҚазҰУ-дың ІІ даму жоспары бойынша қалашықта жалпы 12 жатақхана, 8 оқу корпусы бой көтеретінін жеткізді. Басты мақсат – білім алушылар үшін тұрғынжай тапшылығын қысқарту.

Университет өкілдерінің хабарлауынша жаңа жыл қарсаңында 4 оқу корпусы,

тұрғынжай, инновациялық орталық, IT хаб, спорттық-сауықтыру орталығы т.б ғимараттар салынады.

– ҚазҰУ қалашығының ІІ даму жоспары алдағы уақытта кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ. Бұл құрылыс жұмыстары 3 жылға жоспарланып отыр. Алдағы күзде ҚазҰУ-дың 90 жылдығы салтанатты түрде атап өтіледі. Бұйыртыса, осы қуанышқа орай алғашқы жатақхана пайдалануға беріледі, – деді баспасөз орталығының мамандары.

Шара соңында Жансейіт Түймебаевтың жатақхана құрылысының басталғанын ресми жариялап, инвесторлармен бірге студенттер үйінің іргетасын қалады.

Естеріңізге сала кетсек, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ҚР Үкіметі 2026 жылға дейін 30 мың студентті жатақханамен қамтамасыз етуді көздеп отыр.



қаңтар айында 35 000 шаршы метр емхана құрылысы басталады. Медициналық орталықта поликлиника, медицина және денсаулық сақтау факультеті, стоматология жұмыс істемек. Бұған қоса, қызметкерлерге арналған

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 15 жатақхана бар. Онда оқу ордасының 6 мыңға жуық студенті орналастырылған.

**Нұрбол ЖЫЛЫС,**  
«Заң газеті»



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

ПАЙЫМ

Досмұхамет НҰР-АХМЕТ, қоғам қайраткері:

# «ИДЕОЛОГИЯ ЖОҚ ЖЕРДЕ СЯСИ ЫҚПАЛ ДА ЖОҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оны дамыған елдер: «хабардар болдың – яғни жауыңа қарсы қаруландың» – деп қабылдаса, кейбір дамығысы келмеген елдер: қоғамға төнген қауіп-қатерге алдын ала қарсы тұрудың орнына, хабардар еткендерді «бұлар – біздің тыныштығымызды бұзған жаулар» – деп қабылдайды екен. Тоқетері, бұл сұрақтың жауабын да атам қазақ: «Ауруын жасырған – өледі» – деп, ежелден беріп қойған.

**– Елдің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыруда саяси партиялардың ықпалы бар ма?**

– Саяси партиялар, егер олар шынында саяси партия болса, жәй ғана «ішкі саясатқа ықпал етуші» емес, өздерінің идеологиясы арқылы «Шаңырақты» (Ұлттық мүддені) тіреп тұрған қоғамның «Уықтары» болуы керек. Ал сыртқы саясатқа келсек, Конституция бойынша, оны елдің Президенті белгілейді. Бірақ ол да Ұлттық мүддеге сай болуы шарт. Сонымен, саяси партиялардың ықпалына келетін болсақ, олар «ықпалы» өздерінің идеологиялары арқылы ғана жүргізе алады. Идеология жоқ жерде – саяси ықпал да жоқ. «Адами ықпалды» саяси ықпалмен шатастырмаған жөн. Себебі, көрінген саяси партия тек идеология негізінде ғана құрылып, саяси ықпалын жүргізе алады.

**– Қазақстанда тәуелсіздік жылдары құрылған саяси партиялардың тарихына көз жүгіртер болсақ олардың идеологияға емес, белгілі бір тұлғалардың айналасында пайда болғанын аңғаруға болады. Бұл неліктен?**

– Азаматтық қоғамның әлі қажетті деңгейде дамымағандығынан. Санамызға батпаңдап кірген «құлдық аурудың» мысқалдап қана шығып жатқандығынан. Нағыз тәуелсіздіктің толығымен келмегендігінен және тәуелсіз адамдардың аз болғандығынан. Нағыз тәуелсіз мемлекет, символ-атрибутикаларының арқасында емес, тәуелсіз ұл-қыздарының арқасында ғана тәуелсіз болады... Ұлттық мүддеден жеке адамдардың мүддесін жоғары қоятын жүйенің ауыспай тұрғандығынан... Сондықтан, идеология орнына, басқа бір себептермен құрылған ұйымдарды «саяси партия» деп атауға негіз жоқ. Ондай идеологиясы жоқ партияларды «фейк», көзбояушы құрылымдар десе де болады.

**– Қазақстан халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендігіне билік партиясы жауапты деуге бола ма?**

– «Билік партиясы» деген ұғым, меніңше, олардың идеологиясын халықтың (сайлаушылардың) көбі қолдағандығынан емес, басқа бір жолдармен билікке келген (дерд)нің билікке келген соң ұйымдастырған ұжымы – дегенді білдіреді... Сондықтан, бәлкі, «билікке жеткен партия» десек дұрысырақ болар. Қалай болғанда да, Халық сайлауда өздеріне «қожайын» емес, «қызметшілерді» таңдайды. Яғни, «билікке келу» деген ұғым – халыққа «қызметші болып орналасу», яғни халық алдында жауапты болу дегенді білдіреді. Осыны



түсінбегендер немесе түсінгісі келмегендер – бүлдіреді. Халықты нашар өмір сүрдіреді...

**– Саяси партиялардың тек Парламент сайлауы кезінде ғана белсенділік танытып, өзге уақытта көлеңкеде қалып қоюын қалай түсінуге болады?**

– Партиялар белсенділігін, халыққа деген игі істерін сайлауға дейінгі жылдарда жасауы керек те, жыл бойы еңбек етіп, ал нәтижесін күзде теріп алатын дихандардай сол еңбегінің жемісін, жеңісін сайлау кезінде көруі керек. Ал егер біреу сізге: «бар болғаны бір-екі айдың ішінде егінді де егіп, оны толықтай өсіріп, күтіп баптап, орып, қамбама салып алдым» – десе, бұндай сөзге қандай сенім болмақ? Және онда ол қандай өнім болмақ? Өмірінің негізгі бөлігін көлеңкеде өткізген партия – көлеңкелі өмірдің көлеңке партиясы болып есептеледі. Олардың мұндай қаракеттерін «өзін-өзі алдаған адам ғана» түсінеді...

**– Жылдың басты саяси оқиғасы деп нені атауға болады?**

– Мен өзім күнделікті күйбең тіршілікте болып жатқан «тірліктердің» бәрін бірдей оқиға деп санамаймын. «Оқиға» – ол әр жыл сайын бола бермейтін, қоғамдағы ерекше құбылыс. Мысалы, «Желтоқсан оқиғасы», «Қанды қаңтар оқиғасы» дегендей...

**– Одан кім, қандай сабақ алды?**

– Ол әзірше сырт көзге беймәлім сияқты боп көрінеді, себебі барлық «оқушылар» бұл кездері сабақтарға келмегендей, ешбір сабақ алмағандай кейіп танытады... Бірақ та: Келешек келмей қоймас бұққанменен, Зұлымдық ашылады тыққанменен. Халықты жеңе алмайды ешбір адам, Қорқытып, уақытша алдап, «ұтқанменен»...

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

Елімізде жүзеге асқан іргелі реформаның бірегейі – әкімшілік әділет құрылымы. Иә, сот қызметіне серпін берген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қолданысқа енгеніне екі жылдан астам уақыт өтті. Әкімшілік соттар мен сот алқалары іске кірісті.

# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – БІРЕГЕЙ РЕФОРМА

2023 жылғы жарты-жылдықта республика бойынша шешімнің 64% талапкерлер пайдасына шығарылып, орталық мемлекеттік органдармен және олардың аумақтық бөлімшелерімен дауларда қанағаттанушылық білдірсе, жергілікті атқарушы органдарға қарсы талаптардың 73%-ы қанағаттандырылған екен. Ал, татуласумен – 1,5 мыңға жуық әкімшілік іс аяқталып, соттар 276 ақшалай өндіріп алу және 600 жеке ұйғарым шығарған.

Жаңа кодекс бойынша әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Талап қою сотқа жазбаша немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қуәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Бүгінде әкімшілік сотқа дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау және тану туралы талап қоюдың төрт түрі бойынша жүгінуге болады. Дау айту туралы талап қою бойынша талап қоюшы өзінің құқығы, бостандығы мен заңды мүддесін бұзатын, яғни ауыртпалық түсіретін әкімшілік

актінің толық немесе оның бір бөлігінің күшін жойып, талабын қоюға құқылы. Ал, мәжбүрлеу туралы талап қоюда талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін.

Сонымен қатар, осындай талап қоюда талап қоюшы жауапкердің ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің қабылдауы міндеті туралы талап қоюы мүмкін. Үшіншіден, әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы бір әрекет жасауды немесе әкімшілік актінің қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттен қалыс қалуды талап етуі мүмкін.

Әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы заңда белгіленген мерзімде әкімшілік актінің қабылданбауы салдарынан әкімшілік акт қабылданды деп танылған жағдайда заңда көзделген сол нысана бойынша тиісті құжатты беруді де талап етуі мүмкін. Соңғысы, тану туралы талап

қою бойынша талап қоюшы қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін. Мұнда талап қоюшы заңды күші жойылған, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тануды талап етуі мүмкін.

Айта кету керек, қазіргі уақытта Маңғыстау өңірінде талап қоюдың ішінде сот орындаушылар әрекетін даулау, салық, жер, тұрғын-үй даулары бойынша талап қоюдың үлесі басым.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс аясында дауды қарау принципі өзгерген. Сот азаматтардың сөзін сөйлейді, мемлекеттік орган шешімінің заңды және заңсыздығын дәлелдейді. Сондықтан бұл заң елдегі көптеген маңызды мәселелерді тиімді шешіп, әлеуметтік-экономикалық дамуымызда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік бермек.

Замира МАХИТОВА,  
Мұнайлы аудандық сотының судьясы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ШАРА

# ЖАСТАР ТАРИХТЫ ҰМЫТПАЙДЫ

Тарих – өткенімізді түгендеп, барымызды бағалау үшін керек. Әсіресе, тәуелсіздік үшін күрескен, азаматтықтың таңын жақындатқан батырларымыздың еңбегі ешқашан елеусіз қалмағаны маңызды.



Бұл жастардың бойына отаншылдық рухын қалыптастыру үшін, алдыңғы буынның жанкешті еңбегін ұлықтап, кейінгі буынға үлгі ету үшін қажет. Осы мақсатта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінде «Желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздік бастауы» деген тақырыппен арнайы дәрістер өтті. Мұнда Желтоқсан оқиғасына қатысып, егеменді ел ата-нұмызға өз үлесін қосқан аға-апаларымыздың бастан

кешкен қиындықтары, жанкешті еңбегі дәріптелді. Сонымен бірге, Желтоқсан оқиғасына қатысқан батырларды колледжге арнайы шақырып, олардың естеліктерін тыңдауға мүмкіндік жасалды.

Жалпы, тәуелсіздік туралы айтқанда желтоқсан оқиғасына соқпай өту мүмкін емес. Өйткені, қазақ жастарының қарсылығы көбесі сөгілместей көрінген Кеңес Одағының тарауына себеп

болған алғашқы көтерілістің бірі. Желтоқсан оқиғасына қатысқан, алаңда қазақтың арманын тайсалмай айтып, қарулы әскерге қасқайып қарсы тұрған аға-апаларымыздың бәрі де біз үшін қаһарман. Олар сол кезде өз ұстанымын батыл айтты, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұйымшылдықтың биік үлгісін көрсетті. Сондықтан, тарихты тірілтен батырларды дәріптеу – біздің басты парызымыз.

Колледжде өткен мерекелік шараларда тәуелсіздік жылдарында қабылданған заңдар, кодекстер мен жарлықтардың маңызы, оларды дайындаудағы ғалымдардың еңбегі де сарапқа салынды. Қазақстандық заңгерлер қауымы құқықтық, зайырлы мемлекет орнатуда үлкен еңбек сіңірді. Біздің бүгінгідей бейбіт, зайырлы қоғамда өмір сүріп жатқанымыз осы сауатты да сапалы құжаттардың арқасы. Ендеше, тәуелсіздіктің тұғырын биіктеткен заңгерлердің де еңбегін елеусіз қалдырмаған орынды.

Меруерт АБИШЕВА,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі, заң пәндерінің оқытушысы

ТАҒЫЛЫМ

# ОТБАСЫ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Отбасы – рухани және мәдени дәстүрлерді сақтаушы. Отбасы – ол сыйластық орнаған орта, кішкентай Отан. Өйткені, Отан – отбасынан басталады. Бұл бала тәрбиесінің бәсігі. Баланың бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы оның көкірегіңде жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде қалады.

Отбасының басты қызығы, алтын діңгегі – бала. Демек, отбасы институтын нығайту – баланың құқығын қорғау. Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Сондықтан, Қазақстан үшін отбасының тыныштығын сақтау маңызды мәселе. Мемлекеттік отбасылық саясат – Қазақстанның әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі. Қазіргі уақытта отбасы институты құлдырап барады: тіркелмеген неке мен жалғызбасты ата-ана, ажырасу саны өсуде. Мысалы, Қазақстанда әрбір үшінші неке

бұзылады, әрбір алтыншы отбасы сәбилі бола алмайды, осыған байланысты әрбір отбасының әл-ауқаты қоғамдық тұрақтылықтың және мемлекеттің табысты дами алмауының негізі.

Некені тоқтату тәртібі Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне сай реттеледі. Қазіргі таңда отбасылық неке даулары бойынша атап айтқанда, неке бұзу, алимент өндіру, жұбайына баласы 3 жасқа толғанға дейін алимент өндіру, 21 жасқа толғанға дейін қосымша алимент өндіру туралы талап қоюлар

көптеп түсуде. Бейнеу аудандық сотының судьялары некені бұзу туралы азаматтық істердің көбейгенін ескере отырып, рәсімге қатысушыларды отбасылық жанжалды сотқа дейін реттеуге шақырады. Тараптарға отбасылық дауды татуласу тәртібімен аяқтау салдарын түсіндіре отырып, отбасылардың өз талап қоюынан бас тартуына және дауды медиативтік келісім арқылы шешуіне күш-жігерін салады. Түп қазығын – Отаның, ар-намысың – тілің, кәусар бұлағың – ұстазың, қамқоршың – әкен, ақылшың – анаң екенін ұмытпай, отбасы құндылығын сақтап қалайық.

Зина ӨТЕГЕНОВА,  
Бейнеу аудандық соты әкімшісінің басшысы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

# ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯДЫ

Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатады, төрешілдік тосқауылдарды жояды, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады, бұл сыбайлас жемқорлықтың орын алмауын қамтамасыз етіп, азаматтардың уақытын және қаражатын үнемдейді, сот жүйесінің жариялылығы мен қолжетімділігіне мүмкіндік береді. Осы мақсатта тәжірибеге енгізілген сервистің бастысы – «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі.

«Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлық қолтаңбасы бар азамат тұтына алады. Ақпараттық жүйені жетілдіру мақсатында 2017 жылдан бастап сот органдарында «Мобильді сот кабинеті» сервиси іске қосылды. Бұл сер-

вистің көмегімен сотқа қатысушылар мобильді құрылғы арқылы сот мәжілісіне қатыса алады. Аталған сервиске тіркелу үшін алдын ала сот кабинетін қолдану туралы келісімге қол қойылады. Әрі қолданушының ЖТН және мобильді телефонының номері қажет.

Аталған сервис арқылы сот жүйесіндегі жаңалықтармен танысу, онлайн түрінде тағайындалған сот отырысы туралы ақпарат алу және «Сот кабинеті» веб-сервисі арқылы сот органына жолданған барлық құжаттарды телефон құрылғысына жүктеу, сот құжаттарының мән-жайын бақылау, хабарлама алмасу мүмкіндігі бар.

Ж.ЕСЕНОВ,  
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің басшысы



**СҰХБАТ**

**– Айдос Молдашұлы, тұрғын үйді жекешелендіруге қатысты мәселелер аз емес. Олар қалай реттеліп жатыр?**

– «Талдықорған қаласының тұрғын үй қатынастары» ММ-сі құрылғанға дейін «Талдықорған қаласының тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық бөлімі» ММ-нің құрамындағы тұрғын үй секторы болған. 2022 жылдың алтыншы айында секторды бөліп, бізді жұмыс істейтін тұрғын үй инспекциясының құрамына қосты. Сол кезден бастап біздің алдымызда жекешелендіру проблемасы тұрды. Ең алдымен анықталған жайт – көптеген жалдау келісімшарттары мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерінің жалдау (қосымша жалдау) шарттарын есепке алу жөніндегі базаға енгізілмеген екен. Соның салдарынан бізде екі проблема туындады.

**Айдос ЖАҚЫПБЕК,**

*«Талдықорған қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы:*

# «ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТЕҢ»

Біріншісі – көптеген азаматқа мемлекеттен жалға алып тұрған пәтеріне төлеген төлемі үшін «қарызы жоқ» деген анықтаманы шығарып, шарттарды есепке алу жөніндегі база арқылы көру болды. Екіншісі – қала бюджетіне түсім өте аз түсті. Өйткені, келісімшарттар болған күннің өзінде, есепке алу жөніндегі базаға тіркелмеген. Ол дегеніміз, келісімшартта ай сайынғы төлемақы көрсетілмегендіктен, қаражат жергілікті бюджетке түспейтін. Сондықтан біз зерделеу жұмыстарын жүргізіп, мұрағаттық материалдарды көтеріп, 2000-нан астам келісімшартты базаға енгіздік. Нәтижесінде бүгінгі күні қала бюджетіне осы жалға алған пәтерлерге төленетін түсімнің кемінде 30 пайыздан астамы түсіп, қала бюджетінің көлемі көбейе бастады. Бұл біздің бір жұмысымыздың нәтижесі. Келісімшартты есепке алу жөніндегі базаға енгізілген адамдар енді «қарызы жоқ» деген анықтаманы үйінде отырып-ақ компьютерінен өздері шығарып алатын болды.

**– Пәтерді жекешелендіруге неге басымдық беріледі?**

– Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысына сәйкес жүргізіледі. Онда тұрғындар пәтерін толыққанды жекешелендіруге арналған қағидат бар. Қағидатта көрсетілген барлық құжаттарды жинақтап, біздің мекемемізге тапсырған соң, тұрғын үй комиссиясының қаулына кіргіземіз. Сосын әр азамат жекешелендіру жұмысын жалғастыра береді. Осы тұста айта кетер жайт, жеті-сегіз жылдан бері тұрғын үйін жекешелендіре алмай жүрген азаматтардың бүгінде Конституциялық құқығы қорғалып, жекешелендіру басталды. Жекешелендірудің өзіндік артықшылығы бар. Біріншіден, адамдар тұрғын үйін жекешелендіріп, өзінің жеке меншігіне өткізеді. Әрі қарай өз ыңғайына қарай сата ма, сыйға бере ме, одан әрі тұра бере ме – өздері біледі. Екіншіден, бюджетке түсім түседі. Өйткені, тұрғындар үйін қалдық құнымен сатып алады. Жекешелендіру қағидатының 7-тармағында көрсетілген азаматтардың үйін тегін жекешелендіруге мүмкіндігі бар. Ал осы жетінші бапта көрсетілмеген азаматтардың барлығы қалдық құнымен үйлерін сатып алады.

**– Осыған дейін пайдаланылған жалдау келісімшартына қатысты түсінбеушілік аз болған жоқ. Бұл мәселе қалай шешілуде?**

– Рас, 2012 жылы Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй беру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің №1420 қағидатына сүйенген мамандарымыз бұрыннан қалыптасып қалған келісімшарттарды жасай берген. Ол жерде жалға алынған үйге ақы төлеу тарауы қосылмаған. Бұл өз кезегінде көптеген проблема тудырды. Сондықтан осы проблеманы шешу үшін біз тұрғын үйді беру қағидатының бірінші тарауына қанша ақы төлеу керектігін қостық. Сол қаражат көп азаматтардың келісімшартын талапқа сәйкестендіруге негіз болды. Соған сүйеніп отырып келісімшарттарды есепке алу жөніндегі базаға енгізіп

жатырмыз. Бұл үлкен ауқымды жұмыс.

**– Ал, мұрағат мәселесі қалай реттелуде?**

– Бұған дейін Талдықорған қаласы Абай көшесі №241 ғимаратында бізбен бірге тұрғын үй инспекциясы, тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық мекемесі отырды. Үш мекемеге сан түрлі мәселемен келетін тұрғындардың өкпе-назы көп болды. Өйткені, келген шаруаларын шеше алмай тұрғын үй кезегін біле алмай, пәтерлерін жекешелендіре алмай жүрді. Ел іздеген құжаттарын таба алмайды. Кім қашан кезекке тұрғанын анықтай алмады.

Сосын Талдықорған қаласы әкімі мекемемізге «Болашақ» шағын ауданындағы 16 қабатты үйдің 1-қабатынан кеңсе берді. Осы кеңсеге көшкен кезде тұрғын үй ком-

муналдық-шаруашылық мекемесіндегі құжаттардың барлығын жинап, осы кеңсеге көшіріп әкеліп, талапқа сай сөрелер жасап, мұрағаттық заңнамалар нормасына сәйкестендіріп құжаттарды ретке келтірдік. Қазір бізде Талдықорған қаласы тұрғын үй қатынастары мемлекеттік мекемесінің жеке ведомстволық мұрағаты бар.

көрсетіп жүргіземіз. Бұл жаңылмасам, республикамыздағы бірінші бастама болып саналады. Міндетті түрде әрбір азамат өзіне қатысты материалдарды қараған кезде эфирден көруіне болады. Біз taldyqorgan\_akimdigi және oj.tdk деген инстаграм парақшасынан тікелей эфирде көрсетеміз. Оны инстаграм парақшасына сақтап қоямыз.

**Қ**ала әкімінің тапсырмасымен құрамына полиция қызметкерлері, әкімдік бөлімдерінің мамандары, журналистер, қоғам белсенділері кірген үлкен топ бірге жүріп, әр үйдегі пәтерлерді қалдырмай аралап тексердік. Нәтижесінде 1218 пәтердің құжаты жоқ екені анықталды. Қалған азаматтардың құжаты бар болғанымен, толық емес екендігі белгілі болды. Сөйтіп, құжатсыз берілген пәтерлер кімнің сол азаматтардың, бірқатары өздері әкеліп тапсырды. Бұл – тәртіп.

Мұрағат жұмысы Жетісу облыстық мәдениет архивтер және құжаттар басқармасымен бекітіліп, тиісті заңнамаларға сәйкес жасалды. Қазір әрбір азамат бізге келіп өзінің мұрағаттық құжаттарын көруіне болады.

**– Осыдан бірер жыл бұрын тұрғын үйге қатысты жүргізген ауқымды тексеру қалай өтті? Нәтиже қалай?**

– 2022 жылға дейін тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық саласындағы жұмыс бір ағыммен жүре беретін. Кейіннен көп азаматтар құжатсыз пәтерлерде тұрды. Кезінде кезекте тұрған азаматтарға, кейбір әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, елдің мақтанышына айналған азаматтарға тұрғын үйлер құжаты, тек кілттері беріле берген ғой. «Құжатын артынан береміз» деген әкімдер де, мамандар да ауысып кеткен. Сол үшін әкімдікте үлкен дау болып, адамдар наразылығын тудыра бастады. Талдықорған қаласындағы коммуналдық тұрғын үйлердің барлығы аралап, кімнің құжаты бар, кімнің құжаты жоқ, қай үйде қандай азаматтар тұратыны туралы ақпарат жинадық. Бұл жұмыс үш ай көлемінде жүрді. Қала әкімінің тапсырмасымен құрамына полиция қызметкерлері, әкімдік бөлімдерінің мамандары, журналистер, қоғам белсенділері кірген үлкен топ бірге жүріп, әр үйдегі пәтерлерді қалдырмай аралап тексердік. Нәтижесінде 1218 пәтердің құжаты жоқ екені анықталды. Қалған азаматтардың құжаты бар болғанымен, толық емес екендігі белгілі болды. Сөйтіп, құжатсыз берілген пәтерлер кімнің сол азаматтардың бірқатары өздері әкеліп тапсырды. Бұл – тәртіп.

Қазір құжаттарды заңдастыруға қатысты мәселе шешімін тауып келеді. Көптеген азаматтар құжаттарын заңдастырып жатыр. Тұрғын үй комиссиясының шешімімен біз 700-ден астам азаматтың құжатын заңдастырып бердік. Жалпы, 1218 азаматтың құжатының басым бөлігін біз қарап, Талдықорған қаласы бойынша прокуратура органдары, сот жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі, облыстық әкімдік мамандары ақылдаса келе осы мәселені заңдастыру жолын кеңесіп, дөңгелек стол басында шештік. Енді мына заңдастыру мәселесін көтергелі бері тұрғын үй комиссиясының құрамына әкімшілік тараптан тыс белсенді азаматтарды, медицина мамандарын, ауған соғысынан, Чернобыль апа-



*«Талдықорған қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы:*

ман. Осындай іскер, табанды, білімді мамандардың арқасында ауқымды жұмыс атқарылуда. Халықтың ризашылығына ие болып отырмыз.

**– Талдықорған қаласында жастардың тұрғын үй алу мүмкіндігі қандай?**

– «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 10-2-бабының 1-тармақшасында жазылғандай, тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып, іске асыратын құзыретті мекеме болған соң, бізге түрлі тапсырма түседі. Қазір «Жетісу жастары» деген мемлекеттік бағдарлама аясында ипотекалық несие беруді жүзеге асырудамыз. Бірінші траншқа 400 млн теңге бөлінген болатын. Бағдарлама талабына сәйкес біздің мекемеге құжаттарын өткізген 35 жасқа толмаған 40 азаматқа тұрғын үй комиссиясы ұйғарымымен «Отбасы банкі» арқылы 10 млн теңгеден берілуде. Сөйтіп жетісулық жастар 5%-бен 20 жылға несие алып баспаналы болуда. Одан бөлек қаламызда жаңа 8-9-ықшам аудандар бой көтеріп келе жатқанын ел көріп отыр. 5, 7, 9, 16 қабатқа дейінгі тұрғын үйлер салынауда. «Болашақ» ықшам ауданы мен Білім инновациялық лицейінің арасында үлкен аудан бой көтерді. Осы жерде де біздің 5 үйіміз толықтай аяқталған болатын. Қазір 509 пәтерді «Отбасы банкі» арқылы «Нұрлы Жер» және «Бақытты отбасы» бағдарламасымен ипотекалық несиеге конкурс негізінде сатамыз. Осы 509 пәтерге «Баспанна рынок» сайты арқылы 960-тан астам өтініш түсті. Төлем қабілеті тексеруден өткеннен кейін тұрғын үй кезегінде тұрған әр азамат «Отбасы банкіне» салымшы ретінде есепшот ашып, осы байқауға қатысуына болады. Енді төлем қабілеті тексеруден өткен әрбір өтініш иесі 5 пайызбен 20 жылға пәтер құнының 10% алғашқы жарнасын төлеп, ипотекалық несиеге ие болады.

**– Бұл бағдарламадан тыс қандай жеңілдіктер жасалуда?**

– Мемлекет тарапынан бізге биыл 194 млн теңге тұрғын үй сертификаттына қайтарымсыз ақша бөлінді. Бөлімде онлайн режимінде заңды және кезекте.kz сайты ашып қойып жатырамыз, хаттама толтырып, тұрғын үй комиссиясы мүшелеріне қол қойдырып аламыз. Сол құжат негізінде Талдықорған қаласы әкімдігі тұрғын үйді беру туралы қаулы шығарады. Осы функциялар орындалған соң азаматтармен келісімшарт жасап, оны міндетті түрде келісімшартты есепке алу жөніндегі базаға енгіземіз. Базаға енгізілгеннен кейін адамдардың жолы ашылып, жекешелендіруге ешқандай кедергі болмайды.

**– Функционалдық міндетін мінсіз атқарып жүрген қызметкерлеріңіз туралы не айтасыз?**

– Бұл салада қордаланған мәселе көп болған соң, мамандарымыз уақытпен санаспай еңбек етуде. Мемлекеттік мекемемізде білімді де білікті мамандар жиналған. Штатымызда қазіргі күні 5 мемлекеттік қызметкер, 5 маман келісімшартпен жұмыс істейді. Тұрғын үй секторына жетекші болып жақында Ақмарал Исабекова тағайындалды. Бұл кісі осы салада көптен қызмет істейтін білікті ма-

бізде әлеуметтік осал топтың ішіне кіретін тағы 11 түрлі категория ішілік категория бар. Ол зейнеткерлер, ауған соғысының ардагерлері, Чернобыль апатынан, Семей полигонынан зардап шеккендер, қандас азаматтар, I-II топтағы мүгедектер, министрлікпен бекітілген кейбір қиын аурулармен ауыратын азаматтар, мүгедек балаларды асырайтын отбасылар, толық емес отбасылар, т.б. әлеуметтік осал топқа жатады.

Сөз реті келгенде айта кетейін, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңда «ешкім ешкімнің алдына түспейді, барлығының құқығы тең» деп жазылған. Яғни, кезекте тұрған азаматтардың құқығы тең деп саналады. Үй тек қана кезекпен беріледі. Соны азаматтарға республикалық «Заң газеті» арқылы жеткізгіміз келеді.

**– Бүгінгі күннің мәселесі тұрғын үй кезегінің өзгеруі болып тұр.**

– Біз тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық мекемесімен бір құрамда болған кезде, мамандар белгісіз себеппен 19 түрлі категориямен жұмыс жүргізген. Әлеуметтік жағынан осал топқа жататын азаматтардың санатын бөлек-бөлек шығарып тастаған. Сол 19 түрлі категория заңға қайшы келіп тұр. Өйткені, пропорционалды методикамен санаған кезде азаматтарға үй әділетсіз бөлінген. Сол үшін салалық тексеру жүргізіліп, прокуратура органдары сол категорияларды заңға сәйкестендіріп, 6 категорияға түсірген болатын. Қысқартқанда ешкімді кезектен ысырып тастаған жоқ. Бірақ азаматтардың тұрғын үй кезегі өзгеріп кетті. Көптеген азаматтар кезегім кеше ғана 300-ші еді, бүгін 2500-ші болып қалыппын деп наразылық танытты. Бұл өзгерістер жоғарыда айтқанымадай 19 түрлі категорияны 6 категорияға азайту салдарынан туындап отыр. 2019 жылға дейінгі қағаз жүзіндегі құжаттар, әкімдік, сервистік, бағдарламалық заңдылық толық қамтылмаған, интеграцияланбаған базалар болған. 2022 жылдың басында «кезекте-кезек» деген республикалық база дайын болды. Біз осы бағдарламаға көштік. Құжаттардың барлығын енгізген кезде өкінішке қарай 1700-ден аса адам кезектен түсіп қалды. Оларды ешкім шығарып тастаған жоқ. Қасақана әдейі істелінген жоқ. Бірақ базадан компьютерге көшірген кезде кезектен түсіп қалды. Белгісіз себептермен компьютерлік қателік болды. Кейбір азаматтардың ЖСН-ы дұрыс емес. Аты-жөнінде әріптік қате кеткен. Бірақ біз қазір сол азаматтарды тауып, кезекке қайтадан қойып жатырмыз. 87 пайызы кезекке қойылды. Кейбір жағдайларда кезекте тұрған азаматтардың құжаты толық болмай, өздері ешқандай санаттарға жатпайтын кезде «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 8-бабына сәйкес, ол адамдарды сотқа жібереміз. Сот кезекке қою жолдарын айтып, бізге шешім шығарып береді.

**– Тұрғын үйге онлайн режимінде кезекке тұруға бола ма?**

– Әрине, болады. Kезекте.kz базасында арнайы бағдарлама бар. Оны әрбір азамат смартфонды жүктеп алуына болады. Бұл жерде ашық бағдарлама, адамның аты-жөнін, кезегін, санатын көре алады. Әкімдікке келіп бұрынғыдай құжаттарды тапсыру қажет емес. Kезекте.kz бағдарламасы әр азаматқа қолжетімді, ашық. Толық интеграцияланған. Kезекте.kz бағдарламасымен түгендеу жұмыстарын жасаймыз. Жұлына бір рет түгендеу жұмысын жүргізу заңнамамызда көрсетілген. Үйі бар, қайтыс болған азаматтардың барлығын тексеріп, кезектен алып тастауымыз керек. Жаңа бағдарламадағы деректер көрсеткендей Талдықорған қаласында 15 мыңнан астам адам кезекте тұр. Жалпы 200 мың адамның 15 мыңының тұрғын үй алу кезегінде тұруы көп болып саналады. Биыл Әлімжанов көшесінде салынған 20 және 40 пәтерлі екі үй әлеуметтік осал топқа жататын азаматтарға берілді. Оған 8-ықшам ауданда 72 және 98, 60 пәтерлі тұрғын үйлер берілді. Одан бөлек 2023 жылдың наурыз айында бізге қатыссыз әлеуметтік осал топтар категориясында кезекте тұрған азаматтарға инвесторлар «Харекет» қорымен бірлесіп 120 пәтер сыйлады. Бюджеттен ешқандай қаражат алмаса да, Талдықорған қаласы тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз етті. Тұрғындарға қуаныш сыйлағаны үшін инвесторларға және «Харекет» қорына алғысымызды білдіреміз. Талдықорғанның кіре берісіндегі қос қабатты 25 және 11 қоттедж 10 сотық жерімен жөндеуден өтіп, көп балалы аналарға берілді.

**– Салиқалы сұхбатыңызға рақмет! Баспаналы болсам деген тұрғындарды қуанта беріңіздер!**

**Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,  
«Заң газеті»**



МИНБЕР

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Судья – мәртебелі мамандық. Сондықтан да судья болуды армандайтын, сол жолда талмай ізденетін жандар баршылық. Мәртебелі мамандықты таңдағандар судьялық қызметтің жауаптылығын терең сезінуі тиіс. Судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың күшейтілуі де сондықтан.

## СУДЬЯ - МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Бүгінде судьяларды іріктеу, судья лауазымына бекіту, өкілеттігін тоқтату, қызметтегі судьялардың біліктілігін көтеру мәселесімен Жоғары Сот Кеңесі айналысады. Сонымен бірге, сот кадрларын дайындаумен түбегейлі айналысып келе жатқан Сот төрелігі академиясын алдағы уақытта Жоғарғы Соттың құзырынан алып, Жоғары Сот Кеңесінің құзырына беру ұсынылып отыр. Мұның бәрі сот корпусын сапалы кадрлармен қамтамасыз ету, сот беделін көтеру, сот құрылымына деген азаматтар сенімін нығайтуды көздеп отыр.

Жақсылыққа ұмтылған, мәртебелі мамандық иесі болуды армандаған дұрыс. Бірақ, адам тағдырына төрелік ету, біреудің іс-әрекетін бағалау қашан да оңай болмаған. Осы ретте судья болудың жауаптылығы туралы айтпай кетуге болмайды. Судья болуды жоспарлаған кез келген адам ауыр еңбекке, жоғары жүктемеге және тұрақты күйзеліске дайын болуы керек. Өйткені, бұл жұмыстың артында үлкен жауапкершілік бар және ең алдымен бұл өте жоғары психоэмоционалды жүктеме. Ең алдымен, сот саласының басты тұлғасы болуды қалаған адам тәуліктің 24 сағатында қызметте екенін, халықтың назарында тұратынын ұмытпауы керек. Өйткені, судьяның барлық жұмысы ғана емес, қызметтен тыс кездегі іс-әрекеті де халықтың жіті бақылауында. Осы ретте Жоғары Сот Кеңесінің үміткерлер тізімін алдын ала ашық дереккөздерде жариялап, көпшіліктің пікір-ұсынысын жинайтын қаперде ұстауымыз керек. Қателікті жақынынан, әріптестеріңнен жасыруға болатын шығар. Бірақ, теріс әрекетті көп көзінен жасыру мүмкін емес. Үміткерлер тізімін көпшілікке ұсыну арқылы Жоғары Сот Кеңесі сот корпусына кездейсоқ жандардың өтіп кетпеуіне жағдай туғызады. Бұл тетік, сонымен бірге, азаматтардың белсенділігін арттырып, сот жұмысын үнемі бақылап жүруіне түрткі болады.

Судья болған жан әділ төреліктің ғана кепілі емес, қоғамдағы тәртіптің, қауіпсіздіктің айнасы екенін де ұмытпауы керек. Халық әрбір судьядан биік адамгершілік, мінсіз келбет көргісі келетіндіктен, қазылар жасаған болмашы қателіктің өзі көпшілік арасында үлкен талқыға айналады. Сондықтан, судьялардың Әдеп кдесінде көрсетілгендей, әрбір қазы көркем мінезімен, кестелі сөзімен, парасят пайымымен өзгелерге үлгі болуға, сот беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерден, күмәнді байланыстардан бойын аулақ ұстауға міндетті.

Судья әр істі қараған кезде жүрегінен өткізіп барып шешім қабылдайды. Соған қарамастан, ол қылмыс жасаған адамға өз эмоциясын көрсетпеуі, тараптарға бейтараптық танытуы тиіс. Судья тараптардың көңіл-күйінің жетегінде кетпеуі, ішкі толқынысын білдірмеуі шарт. Сот алаңында қаралатын істердің үлкен-кішісі, ұсақ-түйегі болмайды. Себебі, онда адам тағдыры талқыға түседі. Судья қарайтын әр іс өзінше күрделі. Бірақ, жүктеменің көптігі, отбасындағы қиын жағдай, мазалап тұрған сырқат – судьяның сот залындағы қимыл-әрекетіне де, шығаратын шешіміне де әсер етпеуі керек.

Ең бастысы, судьяның сыни тұрғыдан ойлау дағдысы жоғары болуы қажет. Қазының іс жүргізу барысында жеке болжамдарына сүйенуіне жол берілмейді. Мұнда фактілерді дұрыс өлшей білу, заңды қолдана білу және тез шешім қабылдау маңызды. Әрі көптің қолы жете бермейтін, заңгерлік мамандықтың шыңы саналатын судьялық қызметтің беделіне нұқсан келтірмеу, халықтың сеніміне селкеу түсірмеу әрқайсысымыздың парызымыз.

**Е. МАЙШИНОВ,**  
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

МЕЖЕ

Мемлекеттік қызмет үшін беделдің, яғни имидждің маңызы зор. Ол халықтың сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметке, мемлекет жүргізіп жатқан өзгерістердің тиімділігіне берген бағасының критерийі. Бұдан бөлек ол мемлекеттік органдар әрекетінің нақты әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның талабына сәйкестік дәрежесін белгілейді. Сондықтан бедел азаматтардың мемлекеттік органдарға қатысты мінез-құлқын едәуір негіздей отырып, қоғамның мемлекеттік қызметті және оны реформалау бағдарламасын қолдау деңгейін анықтайды.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ - ХАЛЫҚ АЙНАСЫ



артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Мемлекеттік қызметші болу – зор мәртебе, сондықтан ол кәсіби біліктілікпен қатар, адамгершілік қасиеттерге де ие болуы тиіс. Мемлекеттік қызметке үміткер халық алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруы қажет. Ол өз өкілеттілігін дұрыс қолдана білуі әрі әділ болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшінің өмір салты заң талаптарына сәйкес болуы шарт. Қандай лауазымда болмасын, мемлекеттік қызметші өз елінің азаматтары мен халқының сеніміне селкеу түсірмей қызмет етуі тиіс. Осыған орай мемлекеттік қызметке халықтың сенімін одан әрі арттыру мақсатында Президентіміз Қ.Тоқаев мемлекеттік аппараттардың қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Бюрократиядан арылтудың негізді қағидаттары саланы цифрландыруды, басқарушылық жауапкершілікті үздіксіз жетілдіруді, регламенттеудің оңтайлылығын қалыптастыруды талап етеді. Бұл халықтың мемлекетке және мемлекеттік қызметке деген сенімін арттырады.

**Г. РАЗАКОВА,**  
**Жаңаөзен қалалық сотының бас маманы**



## БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІНІҢ МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ

Қызылорда облыстық сотының ұйымдастыруымен бизнес өкілдеріне қатысты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысындағы мәселелерді талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Оған облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, судьялары, қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарайтын соттардың төрағалары мен судьялары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Мемлекеттік кірістер, облыстық экономикалық тергеу департаментінің, облыстық прокуратураның, полиция департаментінің, облыстық адвокаттар алқасының, Кәсіпкерлер палатасының және Сот сараптамасы институтының өкілдері қатысты.

Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жанат Бекжанов дөңгелек үстелді ашып, бағдарламамен таныстырды, көтеріліп отырған тақырыптың маңыздылығына тоқталып, сөз кезегін баяндамашыларға берді. Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы Жұлдыз Жәкеева «Бизнес өкілдеріне қатысты қылмыстық істер бойынша сот практикасы» тақырыбында баяндама жасап,

күнделікті осы санатта қаралатын істер бойынша кездесетін түйткілді мәселелерді ортаға салды. Ал Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы С.Утегенова бизнес өкілдеріне қатысты 2022–2023 жылдары қаралған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істердің статистикалық мәліметі және өсу динамикасына қатысты ақпараттымен бөлісті.

Дөңгелек үстел аясында көтерілген тақырыпты қатысушылар жан-жақты талқылап, олар бойынша өз ұсынымдарын білдірді.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

ПІКІР

## САЛЫҚ ДАУЛАРЫНДА МЕДИАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІ

Ата Заңымызда заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті деп көрсетілген. Салық бұл мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлем. Алайда, бұл міндетке бейқамдық танытып, іс сотқа дейін жететін кездер жиі кездеседі.



Елімізде салықтық құқықтық қатынастар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске сай реттеледі. Салық дауларын салық төлеушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша салық органдарының әкімшілік актілеріне және олардың лауазымды адамдарының әрекетіне жоғары тұрған салық және уәкілетті органдарға шағым беру арқылы қозғайды немесе сотқа әкімшілік талап қою арқылы қозғауға да болады. Салық кодексінің 96 және 178-бабының ережесіне сүйене отырып, салық төлеуші дауын қарау тәртібін таңдап, яғни жоғары тұрған органға (Департамент, Комитет, Қаржы министрлігінің жанындағы Аппеляциялық комиссия) не бірден мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотқа жүгінуге құқылы.

Әкімшілік әділет институты құрылғалы әкімшілік сотқа түсетін талап қоюлардың басым бөлігін өңірде салық дауы құрап отыр. Салық мәселелеріне қатысты әкімшілік істер бойынша бірыңғай сот практикасы қалыптасқанына қарамастан, аталған органдардың апелляция, кассацияға дейін шағымдануы тоқтаған емес. Атап айтсақ, салық дауы бойынша 2023 жылдың 11 айында өңірдегі әкімшілік сотқа 127 талап қою түскен, оның 63-іне қанағаттандыру туралы шешім шығарылса, ал 53-іне қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылған. Сотқа жүгінудің негізгі себебі камералдық бақылау хабарламасын түсіндірме беру жолымен орындау, мүлкіктің кірістен табыс салығының туындауы, камералдық бақылау хабарламасының мазмұнымен келіспеу, әкімшілік актіні тапсыру барысында жол берілген рәсімдік бұзушылықтар болып табылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте ерекшеліктің бірі – татуластыру рәсімдері. Яғни, АПК нормасында мемлекеттік органдармен татуласу мүмкіндігі жоқ еді, ал ӘРПК-де мемлекеттік органдармен татуласу мүмкіндігі көзделген. Сотта тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Әсіресе, әкімшілік процестегі татуласу мүмкіндігі азаматтарға да, әкімшілік органдарға да қолайлы.

Татуластыру рәсімі жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде жүргізіледі. Әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның ел заңнамасында белгіленген мақсатта және шектерде заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі. Сот талқылауы барысында сот әкімшілік қалау шектерінің артып кетпеуін және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әкімшілік актіні қабылдау мақсатына сәйкестігін тексеруге міндетті.

Сот тәжірибесіне сүйенетін болсақ, салық органдары әкімшілік қалауы болған кезде бұл мүмкіндікті пайдалана бермейді. Есепті кезеңде өңірде бизнес өкілдері мен органдар арасында салық дауы бойынша татуласу келісімі жасалып, 6 іс қысқартылған. Сондай-ақ, өңірдегі әкімшілік сотта салық органдарының іс-әрекетін даулау себептері, оларды болдырмау мақсатында атқарылатын шаралар, сот тәжірибесінің салық органының әкімшілік актілеріне әсері, құзырлы орган тарапынан жол берілген заң бұзушылықтар, әкімшілік қалау, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі, бітімгершілік тәртібімен аяқтау мәселелері бойынша семинар, дөңгелек үстел өткізу күн тәртібінен түскен емес.

Қорыта айтсақ, «Дау мұраты – бітім» демекші, әрбір даудың бітіммен аяқталғаны тараптар үшін үлкен жеңіс.

**Жазира МУХАМЕТОВА,**  
**Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

ЖЕМҚОРЛЫҚ

Біздің қоғамда түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселенің бірі – жемқорлық. Елімізде жемқорлыққа тосқауыл қоятын заң да, арнайы атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Бірақ сыбайластықты жоюдың шешімі толық табылған жоқ. Жемқорлық демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің дамуы мен болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыстың бірден-бірі.

## САУАТТЫ ЖАН СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРАДЫ

Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысын жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады. Алайда, сыбайлас жемқорлық азаймай тұр.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын көтеру маңызды. Халық өз құқығын, өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің

нақты жолын толық білуі қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күні әр азаматтың басты мақсаты болып табылады.

**Ақтолық Тампиева,**  
**Атырау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы**



**БАЙҚАУ**



# ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Астанада «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Жаңа Қазақстан» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Мемлекет басшысының жолдаудағы тапсырмаларын жүзеге асыру, өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің дамуына үлес қосып жүрген елжанды азаматтарды қоғамда кеңінен насихаттау, өскелең

ұрпаққа үлгі ету мақсатында «Жаңа Қазақстанның ЖЫЛ АДАМЫ» атты республикалық байқау өтті. Байқауда Жәнібек аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Болатбек Оразғалиев пен Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Асылан Сансызбаев заң саласының

дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін жеңімпаз атанып, «Жаңа Қазақстанның ЖЫЛ АДАМЫ» орденімен, I дәрежелі дипломмен марапатталып, арнайы статуетканы иеленді.

**Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,**  
**Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі**

## ТАРАТУ

3. «Айнур-GROUP» ЖШС, БСН 160240025856, өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Академик Павлов көшесі, 93/19 үй, пәтер (кеңсе) 19. Тел.: 87025195858.

4. «Филиал «Ломбард Евролит» ЖШС, БСН 200640027718, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Академик Павлов көшесі, 93/19 үй, пәтер (кеңсе) 19. Тел.: 87025195858.

5. «ШЫҢ-БИИК СТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымы, БСН 191140025573, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қ., Достық ш/а, Алғыс көшесі, 11 үй, индекс 160000. Тел.: 87754744416.

6. «Таукөл» сервистік дайындау орталығы» ЖШС, БСН 181240007973, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Н.Есеболатов көшесі, 72 үй.

7. «2 Bereke» ЖШС, БСН 230840002884 (ҚР, Астана қаласы, «Ақ-Бұлақ-2» тұрғын үй алабы, Амман көшесі, 8 ғимарат, индекс 010000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Амман көшесі, 8 ғимарат, «Милано» БО, 5 қабат, кеңсе 504. Тел.: 87478852926.

9. «Дарабоз и Ерасыл» ЖШС (БСН 180340021345) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл., Іле ауданы, Энергетик а/о, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, ғимарат 22.

10. «KAZ POLIS жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 190140039372, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 4 ықшамаудан, 17 үй, 76 пәтер.

11. «Мекон» пәтер иелері кооперативі, БСН 010240015928, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Привокзальная көшесі, 10 үй.

12. «ЖӘКЕ-АГРО» ЖШС (БСН 220440005684) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан обл., Бәйдібек ауданы, Боралдай а/о, Боралдай ауылы, Д.Батыршаев көшесі, ғимарат 74.

13. «Asia QazStroy» ЖШС, БСН 210540029118, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Жайлау-2» ықшамауданы, 23 үй, п.и. 020000. Тел.: 87719750440.

14. «СТ-Авто» ЖШС, БСН 210440029510, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 8А үй. Тел.: 87779999010.

15. «Ишим тэхэлектро» ЖШС, БСН 071140001721 (Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тарас Шевченко көшесі, 4/1 ғимарат, н.п.13), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1 үй, 10 қабат, кеңсе 1. Тел.: 87017724752.

16. «Жылыой-Аққайың» өндірістік кооперативі, БСН 020140006828, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары кенті, Ұйтас көшесі, 223 үй. Тел.: 87017271888.

17. «АЛТЫН АЛМА 2020» ЖШС, БСН 100940016673, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Ерейментау қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 39 үй. Тел.: 87023828888.

18. «Стандарт Экология - Казахстан» ЖШС, БСН 130840003564, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 050000, Гоголь көшесі, 140/92 үй, 30 кеңсе. Телефон 87075830207.

19. «AJA Partnership» ЖШС, БСН 170940036086, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Әбдіразақов көшесі, 6 үй. Тел.: 87789462120.

20. «JIT-Project» ЖШС, БСН 170240024027, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Самал-2» шағынауданы, Бекмурат батыр көшесі, 1537 үй. Тел.: 87085846241.

21. «Сиб Агро Инвест» ЖШС, БСН 190940006147, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, «Береке» ықшамауданы, 52 үй, 81 пәтер.

22. «Қуаныш-Дәулет» АӨК (БСН 161140012665) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен кейін 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылы, Жиенбаев көшесі, 6 үй, телефон: 87756957268.

23. «Өрлеу Сарқан» ҚҚ (БСН 120640011398) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Вихрев көшесі, 49 үй, Тел.: 87713748836.

24. «Арыс СтройСервис» ЖШС БСН (200840006930), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Қарасу көшесі, 32 үй, Тел.: +77071308999.

25. «Балқы» ЖШС, БСН 230740018590, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ақсуат ауылы, Мұратбаев көшесі, 17 үй, Тел.: +77083657043.

26. «Сеть Турагентств Чехомод №12» ЖШС, БСН 191240000145, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 130 үй, 13 пәтер, пошта индексі 060000, Тел.: 87020666617.

27. «Ерлан-Мад» өндірістік кооперативі, БСН 220140027713, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар а/о, Жаңаталап ауылы, С.Рсбетұлы көшесі, 124 үй, пошта индексі 160300.

28. «Туран – El Tіregі» қоғамдық бірлестігі, БСН 190340015035, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 54 үй, н.п. 9.

29. «EXECUTIVE QAZAQ» ЖШС, БСН 181040024679, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Республика көшесі, 3.

30. «Азаматтық қоғамды дамыту ғылыми-құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі, БСН 171140039361, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Республика даңғылы, 34а, 711 кеңсе, тел.: +7701222357.

## ӘРТҮРЛІ

31. «ҚАРЖЫГЕР» НС ЖШС, БСН 130540020286, өз кредиторын және мүдделі тұлғаларды кететін қатысушылардың үлесін өтеу жолымен жарғылық капиталды азайту туралы хабардар етеді. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайға қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Манап Фалимов көше, 114, электронды пошта: ktkarzhyyer@bk.ru.

32. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230540034841) «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамына қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шақерім Құдайбердиев көшесі, 57 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8(7162)501882, электронды мекенжайы: obrazovaniekokshe@mail.ru

«Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Кривая көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

«Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

«Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖҚ, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖҚ, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.



**Сәтсіздік қылмыс емес, алдына өз мүмкіндігіңді тежеп, мақсат қою — қылмыс.**

**Роберт ЛОУЭЛЛ**

Ол өзінің бұрынғы қолын қандаған іс-әрекеттеріне таң-тамаша қалып, мазаттанғандай миығынан күлді. Өз-өзіне кезінде қанша мәрте қол салуға ниеттенгенінің бәрін бекер санап отыр енді. Қаншама адам көз алдында қиналып, мұның қолынан зардап шеккеніне кәдімгідей көңілі тоғайып, өзіне деген риза кейіппен айна алдында ұзақ тұрды. Шүңірейе бастаған жансыз суық жанарына қарап қайран қалды. «Міне, кезіндегі қорқақ Генан осы!». Тебіндегі өсіп қушиған жақ сүйектерін онан сайын сұрықсыз көрсете түскен сақалының қылдарын салалап ұзақ сипады.

Бір кезде қаладағы жетімдерге арналған мектеп интернатқа ата-ана қамқорлығынсыз қалған соң әкесінің ағайындары әкеліп тастап кеткен кезді көзі жасаурап еске алды. Ол кезде бұл он жасқа енді толған еді.

— Тұр, ей, сүмелек! Жоқ әкеңнің жоқтаушысы емеспін! Бар қолыңа «швабраны» ал!, — деп интернат тәрбиешісі алғашқы күндерден мұны дұрыстап «тәрбиеге» иліктеріге көшкен. Арқа еті арша, борбай еті борша болғанша, тазалық жұмысына жекті. Оқу үлгерімі өз алдына. Тіпті, аты-жөнін дұрыстап жаза алмаса да, мұғалімдер үштік бағаны қонжита салатын. Әсіресе, интернаттағы жоғары класс оқушылары зорлықтың «көкесін» танытатын. Түнде тұрғызып алып ас дайындау, шұлық жуғызу, әжетхана тазалау тәрізді жұмыстарды атқартып, таңға жуық бір-ақ босататын. Бір бөлмеде қатар жататын Лёна бірнеше рет интернаттан қашып, бас сауғалағанмен, ұсталып қалып, ішкі тәртіптің «тезіне» салынған. Аямай тепкіден ес-түссіз жатып, үшінші тәулік ол қайтыс болды. Интернат әкімшілігі істі жылы жауып, Лёняны өзін-өзі бесінші қабаттан тастап жіберген деп жалған қорытынды жасатқан.

Көп ұзамай Гена он сегізге толды. Бала күннен жасықтық пен жасқаншақтық жанын жегідей жеген ол қалайда бәреуден басым тұруды көксітейтін. Өзіне үнемі доқ көрсете беретін орта топтың тәрбиеленушісі Стастың қолың қышып алғанын өзіне ерлік санаған. Расымен Стастың қолынан тамшылаған қанды көргенде бойын үрейден бұрын бір дүлей күш билегендей болған. «Міне, сенің алғашқы жеңісің!» — деген бір тылсым үн.

Еттеп еңсесін көтеріп жүруге дағдылана бастады. Әлдекімдермен сөзге келмей қалған сәттерінде қарсыласының көзінен көзін алмай ызбарлана ұзақ қарайтын. Анау болса тайқып кері бұрылатын. Генадің өзінің ішінде бір ерекше құбылыс бұғып жатқанын бағамдай бастады. Кей түндері ұйқыдан бастырылып, булығып оянатын. Сондай сәттері қасында түсініксіз бір қара бейне состиып тұратын. Кей күндері түсіне бет-әлпеттері көрінбейтін әке-шешесі кіретін. Мұны тым алыстан көзі бұлғап шақырады да тұрады. Қайда екені белгісіз, бұл барғысы келгенімен, аяғы кібірткіптеп адимы ашылмай әуре болады.

Интернатта жүргенде «қорқақ» деген лақап ат танылған Гена су жүрек болғанымен, өте кешкіл болып өсті.

\*\*\*

Түрмедегі тоғыз жыл. Лагерде бастан кешкендері мұны жұмсартпақ түгiлi, жасқы көңiлiн пасық тiрлiкке икемдеп, су жүрегiн шар болаттай шындап, мiнезiн қатайтып, болмысын жүз пайызға өзгертiп жiберген. Жеген таяқ сiрiңлерген етiнен өтпек түгiлi, онан сайын пiсiрiп жiбердi.

Интернатта әбден зәбiр көрсеткен Стасты атып өлтiрген соң, тоғыз жылын тозақ төрiнде отырғандай өткерiп, бостандық босағасынан басын қылжитта енгенi осы. Әупiрiмдеп туған қаласына жеткенiмен, еркiндiкте өмiр сүрудiң азабын көре бастады. Тұрақты жұмыс жоқ, болған күнде түрмеден келгенi кедергi болып емен есiктен керi қайтатын. Бүгiн мiне тағы темiржол қызметi кенесiнен салы суға кетiп оралды. Жалдамалы пәтерiне барар қысқа жолмен жаяу iлбiп келедi. Осы сәт ту сыртынан «Әй Қорқақ, бұл сен бе?» деген дауысқа кiлт бұрылған. Жазбай таныды. «Анаңды сенiң «Қонжық»! Құшақтары айқаса кеттi. Қапсырып қысқан таныстың тынысынан ашық арақтың қолқа қабар күлiсiң iсi мұңқ еткен.

«Қонжық» аса өзгермегенiмен, көп уақыттан бергi сiлтеген сайтан судың «сайқымазағы» әбден әбiржiтiп жiбергендей.



## «ҚОРҚАҚТЫҢ» АЖАЛЫ

— Қайдан жүрсiң? Сайтан құсап сап ете қалдың!

Қонжық өз басынан кешкендерiн көше бойы iлбi отырып тiзбектей жөнелдi.

Интернат қабырғасында көрген құқайы мұның қасында тiптi түк емес екен. Өмiрдiң өр қиясына беттегеннен мұны аз сыбаға күтiп тұрмапты. Жұмыс iздеп сабылмаған берi қалмаған. Айтпақшы мұның Қонжық деген әдеми лақап атының өз тарихы бар. Шын ныспысы Андрей Козырев. Ата-анасынан ерте жетiм қалған оны жақын туыстары балалар үйiне өткiзген. Өзiмен бiрге интернатқа тек ақ аю ойыншығымен бiрге келгенi есiнде. Тәрбиешiлер оны ақ аюынан ажыратпауды ұйғарды.

Күндiз-түнi өзiмен бiрге тастамай алып жүретiн әппақ қонжық ойыншықты сәби шағында анасы туған күнiне сыйлаған екен. Содан берi «Қонжық» деген атты жалғап алған. Есейдi. Естi болғысы келгенiмен, ешкiм басынан сипамасын бiлдi. Қаладағы пәтер иелерi кооперативiне аула сыпырушы болып орналасқан оның тағдыры қарғыс атқыр сол күздiң қоңыр салқын кешiнде күрт өзгерер деп кiм ойлаған? Ескi шүберекке оралған затты қоқыс шелегiнен тауып алып ұзақ қараған. Қалқалау жерге бұрылып ашып көрген. Мiне, саған безгелдек! Оралған жүз долларлық ақшаның бiр бумасы!! Санап үлгермеген. Шамамен он мың доллар. Осы сәтте аулаға жүгiре жеткен екi-үш тәртiп сақшысы айналаны тiмiскiлеп қарай бастады. Бұл сыйтылып шығуға үлгермедi. Олар мұны ешбiр куәсiз тiнткiлеп бума ақшаны тауып алып, өзiн бөлiмшеге ала жөнелген. Бөлiмде сұрақ астына алып «мойында» деп ұрып соққан. Тауып алдым дегенiне ешкiм иланбаған. Оның үстiне «физианомиясы» келiп тұр. Қырсыққанда бұл қызмет жасайтын көп қабатты үйдiң бiрiнде ұрланған ақшадан оның саусақ таңбалары айқын көрiнiп тұрды. Жалтарауға әбдiсi қалмаған «Қонжықтың» тауқыметтi тағдырына ерiксiз мойыну-сынуына тура келдi. Алғашқы бұралан өмір соқпағының ащы кермек дәмiн осылай татып көрген болатын.

Екеуара ұзақ әңгiмелесе жүрiп Гена — «Қорқақтың» жалдамалы пәтерiне келiп аяқ суытты. Бір шиша ащы суды сораптап ұзақ отырды.

— Геныч билесiң бе, мен қатты шаршадым. Қайда бармайын, бәрi маған аларып қарап тұрғандай. Маған бұл ардан бос орын табылмады. Тиiстi орын қамқорлық жасамақ түгiлi, түбiтiмдi шығарды. Жұмысқа орналастырамыз деп бiр, пәтер тауып беремiз деп екi, жәрдемақы төлеймiз деп үш.

Гена ебедейсiз қолын сiлтеген. «Екеумiз де жетiскен екенбiз».

— Тында, Қонжық! Бәрiне сүйкiмсiз болып сүйкенгенше, сүйкiмдi күй кешуге өзiң iкемден.

— Не iстейiн ендi?  
Үмiтi үзiлген Қонжықтың көзiнен көзiн алмаған Гена:  
— Әрекеттен. Өлмеу үшiн өлтiр. Өлтiрмеу үшiн өзiңдi құтқар!  
— Түсiнбедiм сенi, Қорқақ!  
— Түсiнесiң. Түсiнiң оянуы тез болады әлi. Өмiрдi өзiмiз жасаймыз. Бiздi өмiр азаптаудағамыз.

Екеуi таң сiбiрлеп келе жатқан

да жаңа күннiң айналаға жамырай бастаған жарық нұрына ұзақ тесiле қарап ұйқыға бас қойды.

\*\*\*

Гена әр уақыт өз iсiне күдiкпен қарап, өзгенiң пiкiрiн құрметтеп өскендiктен, қорқақтық танытатын. Өмiр оған өзгеше сабақ, басқаша пайым жасауға итермеледi. Бiрәк оң, терiс деген ұғымды бәрiбiр ұғына алмады. Тек өзiнiң iшкi қыжылына жауап, мұңына басу iздеп басын тауға да, тасқа да соқты. Қонжықпен қайта табысқалы оны қасына жолдас, жанына серiк етуге бекiп, белiне бекемдiк пен тәуекел белбеуiн шарт түйiнген.

— Бiзге ешкiмнiң үдесi немесе дәмесi азық бола алмайды. Бiраз ақша тауып алсақ, алыс елдердiң бiрiне табан жалтыратамыз, Қонжық!

— Мен келiстiм.

Көптен берi көңiлiн күдiк ұялатып, мазасын алған сауалына жауап тапқандай болған Гена Қонжықтың нұсқауымен кезiнде ауласын сыпырған көп қабатты еңселi үйдiң ең ауқатты тұрғынының үйiн тонауды ойға алды.

— Менiң есiмде қалғаны, ол үйде жағдайы жақсы бiр әдеми қатын тұратын. Қоқыс жәшiгiне қызыл, қара икра-ларды лақтырып жүре бергенiн талай көрдiм. Ол қатынның бай ашынасы бар. Кемелетке толмаған бiр қызы жүретiн жанында. Қазiр тұрмысқа да шығып үлгерген болар.

— Қонжық. Сен бүгiн барып сол пәтердiң қоңырауын бас. Ешкiм шықпаса айт! Шықса, өзге бiреудiң аты-жөнiн сұрап басын қатыр! Кiм шығады, не болады өзiң бағамда! Ұқтың ба? Онан әрi мен ойластырам.

Өзара уағдаласқан олар кеш бата аталған мекенжайға жәйлап жеткен. Аула маңайы тым-тырыс. Сәлден соң подъездiң жарық шамдарын автоматты қосу жәшiгiнен ажыратуды естен шығармады. Әр жерден жылтындаған бейнекамераларға сыртын тосып қиялап өте шықты. Бұл жоғары қабаттағы пәтер iшiне енгеннен, көз алдында жайнап тұрған бағалы жиһаздар мен бұйымдар көптен iздегенiн алдына бергендей алақанын ысқылап жiбердi.

— Қонжық, жылдамдат бол, тезiрек! Алтын, ақшаны тап!

Өзi қоңақ бөлмесiндегi бағалы сервиздiң тартпаларын ашып, шашып қарай бастаған. Қап-қара шағын қобдишаны тауып, аузын бәкiсiмен бұрағыштап ашып жiбергенде, iшiнен суы етiп бағалы жақұт тастар еденге төгiлдi.

— Мiне, сәтiлiк! — деп ыржиды Гена. — Қонжық тағы не бар? Бiзде екi минут қана уақыт бар. Жылдамдат! Қонжық ұзақ тiмiскiленбедi. Жатын бөлме

қабырғасындағы жалаңаш қыз бейнеленген картина артынан керегеге ойып жасалған темiр сейфтi көрiп, қуанғаннан дауыстап жiбердi. Қонжыққа ызалана суық қараған саққұлақ Гена сұқ сау-сағын аузына тiкесiнен тақап «тыс-ссс!» деп белгi бердi.

Сол мезетте тық-тық етiп басқыштармен көтерiлiп келе жатқан әйелдiң аяқ дыбысы естiлдi. Бiрнеше секундтардан соң пәтердiң есiгiн итерiп ашып кiрген әйелдiң:

— Надюха, сен үйде ме едiң? — деген әдеми тұнық дауысы естiлдi. Есiктiң арт жағында бұқпантайлап тұра қалған Гена мұның аузын басып үлгердi.

— Үнiңдi шығарма! Тiрi қалғың келсе бақырма, сайқал! — деп тiстендi ол.

Көзi шарасынан шыға қорыққан бейшара әйелдiң ләм деуге шамасы келмедi. Өне бойын дiрiл билеген оны олар екеулеп жүрiп қол-аяғын матап тастады. Соңғы үлгiдегi ұялы телефонын сөндiрiп, сейфтiң құпия сандарын айтуын талап ете бастады.

— Бес минут iшiнде есiңе түсiрмесен, өмiрiңмен қоштаса бер! Мәймөңкелеуiңдi көтеретiн уақыт жоқ! — деп тiстендi Гена-қорқақ.

Әйел қәпелiмде есiне ештеңе түсiре алмай әбден састы. Ол құпия сандар тек «күйеуiме ғана мәлiм» деп жыларман болды. Тамағына пышақ тақап қорқытқанмен, түк өнбесiн бiлген Гена уақыттан ұтылса да, ақшадан айырылмауға бекiдi.

— Тында менi, сайқал! Дәл қазiр сол сүйiктiңдi осында шақырасың! Мейлi айшылық жерде болса да, тез жет дейсiң! Бiз күтуден жалықпаймыз. Басқа жерге қоңырау шалам деп дәмеленбе! Бол жылдам!

Қолын босатқан соң әйел ашынасымен дауысын бәсеңдетiп сөйлесуге тырысты. Сонда да аздаған дiрiл байқалып тұрды. Ар жақтан жеткен ер адамның «Маша, саған не болған? Бүгiн ғана көрiспедiк пе? Жайшылық па? Мақұл, кел десең қазiр барам!» деген дауысы естiлiп тұрды.

Сүт пiсiрiм уақыттай терезеден сыртқа тесiлiп тұрған Қонжық сәлден соң қымбат көлiктiң аулаға келiп тоқтағанын жетiздi:

— Көлiк маркасы «Крузак»—200!

— Иә, с-с-о-ол! —деп кемсеңдедi Маша.

Қолына шолақ мылтықты нығырлай ұстаған Гена есiк артына бой тасалап үлгердi. Аз кем уақыттан соң пәтерге жәйлап кiрген ұзынтұра ерекеттiң көкжелкесiнен тиген соққы оны еденге сұлатып түсiрдi. Кескен теректiң ұзыннан құлаған оның үстiне бүркiтше қонып үлгерген Қонжық алдын-ала дайындап қойған скотчпен қол-аяғын орап тастады.

Бес-алты минуттан соң өз-өзiне келген ер адам түк түсiнбей жан-жағына алақ-жұлақ қарай бастады.

— Хош көрдiк, туысқан?! Сейф сандарын ұмытып қалған жоқсың ба? Әлде тезiрек Машамен қоштасуға құлықтысың ба?

«Жалмауызға да жан керек» деген тәмсiл расқа айналды. Аз-кем уақыт iшiнде ол тұтығып сөйлей жөнелдi:

— Өтiмен бауырым, Машаға тиiспешi, қалағаныңды ал! Тек тiрi қалдыра көр!

— Мiне, ақылды азамат! Айта ғой жұмбақ шешуiн.

— Егер сейфiң сандардан бас тартса, басыңмен қоштасасың ұқтың ба, сiлiптiң!

Анау бозарған күйi басын изей бердi. Сейф сандарын ұқыпты терген Қонжықтың көз жанары ұшқындап қуанышты белгi бердi.

— Пах,пах! Мұнда кемi бiр лимон (миллион) болып қалар!

— Бол! Тез сал сумаға, жөнелдi!

Қол-аяғы матаулы екi бейшараның үнiн өшiруге ойы кеткен Гена көз iлмесп жылдамдықпен ер адамның тамасын орып жiбердi. Аузы скотчпен желiмделген Машаның үнiн шығармастан жүрек тұсына кездiгiн бойлатып жiберiп, пышақты оның көйлегiне сүртiп өз қалтасына қайыра салды. Көзi аз қасқырдай қызарып қанға толған Гена-Қорқақ бiрiншi рет жүрегi лобып кетiп, аз ғана кiдiрiстеп тұрды да, сыртқа жүгiре басып шығып кеттi.

\*\*\*

Бiр-екi тәулiк ешқайда шықпастан үнсiз жатты. Бар ойы артық ауыз зат алмастан, тек ақшаны алып сыртқа

сытылып кету. Бiр бума ақшаны балтырына скотчпен орап жолға қамданды. Уақытша тұрып жатқан жалдамалы пәтер иесiне ескертпестен, Қонжықты iлестiрiп Қырғызстанға өтiп кетуге бел шештi. Онан армен Түркия, арғы жағында алыс Америкаға да төбесi көрiнер деп қиялағ қанат бiтiрдi.

Үлкен автобекеттен таксиге тапсырыс жасап, Бiшкек қайдасың деп тартып келедi. Қара жолдың үстiне түскен соң сүлiктiң көлiк сүйсiптiңi ызғыта бердi. Қызылағаш ауылының маңына жете бере алыстан полиция бекетi мұндалап шыға келдi. Полиция тексеру бекетiне жақындағаннан мазасы кеткен Қонжық Генаны түртпектеген. Салқынқанды Гена ләм деместен отыра бердi. Тексеру тым созылып кеттi. Қатты қобалжып әбiржi бастаған Қонжық сыр берiп алғандай. Жолаушының алақтап отырғанынан секем алған сержант мұның көлiктен түсiң сұрады. Құжаттарын ұзақ барлай қараған соң полиция пунктiне қарай бастап жүрдi. Дәл осы сәтте басына нетүрлi шым-шытырық ойлар келiп, «өзi-өзiн сақтау инстингi» қозғалысқа түскен Гена көлiктен жәйлап түстi. Дәрехтана iздеген кейiпте алақтап бiраз тұрды да, жалт берiп кезекте тұрған көлiктер арасымен бой тасалауға бекiдi.

Бұл сәтте осыған дейiн жан-жаққа таратылып үлгерген қос қылмыскердiң фотороботы бойынша күдiкке алынған Қонжықтың қолына кiсен салынып жатқан едi.

— Тоқта! Қайда барасың? — деген автомат қаруын асыңған тәртiп сақшысының өктем бұйрығына пысырмастан, ең шетте тұрған көлiк рөлiндегi жас қыздың есiгiн жұлып ашып, Гена алқымына пышақ тақап үлгерген болатын.

— Жақындамаңдар! Маған көлiк берiңдер! Жолдасымды қоя берiңдер! Посты ашып жол берiңдер! Олай болмайынша, мен ештеңеден тайынбаймын! Мынаны бауыздап өзiмнен ала кетем! — деп айқайға басты.

Қатты абыржып қалған полицейлердiң талапқа көнбеске лағы қалмады. Амансыздан Қонжықты қоя берiп, жолды ашуға мәжбүр болды.

— Қыз менiмен болады! Ескерттем, соңымызға түсiп, болмаса алдыдан тоссандар екеуiн де өлтiрем! — деп Гена ақыра бастады.

Қонжық көлiкке әл-сәтте қонжып үлгердi. Көлiк қара жолға түсiп ызғып бердi. Тауды бетке алып жолсызбен жүйткiген қара көлiк сүт пiсiрiм уақыттан соң шекаралы аймаққа келiп кiдiрдi. Гена мен Қонжық көлiктiң қыз жүргiзушiн керi қайтарып, тау шатқалдарымен жаяу өрлей жөнелдi.

— Қонжық! Бiшкекке жетуге тырыс! Қалайда жет! Бiрге жүру ендi қауiптi! Қала шетiнде ұшырасармыз! — деген Гена алды-артына қарамастан сай табанына жүгiрдi.

Шамалыдан соң аспанда гүрiлдеген дыбыстан құлақ тұнды. Тiкұшақтың бiрнешеуi көк жүзiн айғыздап, тау сiлемдерiмен жарыса жеткенiн аңғарған Генаның өне-бойын түсiнiксiз дiрiл жаулады. Бұғалы жынысқа қойып кеткен ол сәлден соң алыстан абаалаған немiс овчаркаларының үнiн құлағы шалды. Көз алдына лагердегi азапты күндерi жүйткiп келе қалды. Қалайда тiрiдей қолға түспеуге бекiп, құзға қарай тұра ұмтылды. Тiк беткейдi асып, арғы жағындағы қырығыз жерiне тесiле қарап: «Мiне, екi-үш аттасам бiттi! Арғы жағы мейлi даланың қоқыс шұңқыры болса да, Америкаға апарар жоқ ашылады! Шыда!» деп ентелей түстi.

Бiк жартастың ұшар басына iлкен соң, не болса да төмен қарай өзiн тастамаққа бекiген болатын. Бiрәк ол ойын жыып үлгергенше мергеннiң тiқұшақтан атқан оғы кеуде тұсын шым iткiздi. Бiрден өне-бойы ысып сала бердi. Аузынан бұрқ ете түскен қанды түкiрiп жiберiп, тырмыса өрмелегенiмен, дәрмен құрып, әлсiрей бердi. Жалма-жан жеткен тәртiп сақшылары оның көз жанары алайып, ықылық атып жатқанын бақылап қана үнсiз тұрды. Бұл сәтте Гена-Қорқақ сәл ғана қымпып жатты. Оның көз алдына ту алыстан мұнартып жеткен өмiрiндегi ең жақын жандардың бейнесi анық көрiнген едi.

\*\*\*

Келесi тәулiкте қалалық полиция бөлiмi журналистерге баспасөз мәслихатын өткiзiп жатты. Бiрнеше сериялы ауыр қылмыстардың ашылғанын, екi бiрдей қауiптi рецидивтiң көзi жойылғанын жария еттi. Бiрқатар жедел топ қызметкерлерiнiң дәрежесi көтерiлдi. Алайда тұман торлаған қала ауыр күрсiнiп жатқан едi.

**Арман ЖУСАНБАЙ**

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жаная Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail:** zankreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5545 дана**  
**Апталық таралым 11 090 дана**

Тапсырыс №188 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи а**